

А.К. Болысбаева* , А.М. Султанова 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: a.bolysbayeva@mail.ru

СТУДЕНТТЕРДІҢ БОС УАҚЫТЫН ӨТКІЗУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ (қашықтықтан оқыту контекстінде)

Мақалада әлеуметтік ғылымдар, соның ішінде әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс мамандықтары бойынша бакалавриатта білім алушы студенттердің бос уақытын өткізу тәжірибелері қарастырылады. Әсіресе қазіргі таңдағы пандемия, оқу процесіндегі өзгерістердің, атап айтқанда қашықтықтан оқытудың жастардың оқу процесінен тыс уақытын өткізу тәжірибелеріне ықпалына ерекше көңіл бөлінеді.

Зерттеу мақсаты – студенттердің бос уақытын өткізу және кітап оқу тәжірибелерінің ерекшеліктері мен құрылымын анықтай отырып, жастардың бос уақыттарын өткізу тәжірибелері өздерінің тұлғалық және кәсіптік қасиеттерін дамытуына оң ықпал етуі үшін бірқатар ұсыныстар әзірлеу.

Бұл зерттеу жұмысының ғылыми маңыздылығы студенттердің бос уақытын өткізу тәжірибелерін, соның ішінде кітап оқу мәселесін жан-жақты қарастырылуымен байланысты. Шетелдік және отандық ғалымдардың осы тақырыпқа сәйкес жүргізілген зерттеулеріне әдеби шолу жасалынды. Бұл жұмыстың практикалық маңызы зерттеу мәселесімен сәйкес алдағы уақыттағы ғылыми ізденістерге негіз бола алатындығы болып табылады.

Жұмыста әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс мамандықтары бойынша 1–4 курс аралығындағы студенттер арасында жүргізілген онлайн сауалнама нәтижелері келтірілген. Сауалнама нәтижесінде жастардың бос уақытын өткізу тәжірибелерінің құрылымы және оған әсер ететін негізгі факторлар анықталды. Сонымен қатар, студенттердің кітап оқу тәжірибелерінің қазіргі таңдағы көрінісі айқындалды.

Зерттеу жұмысының нәтижелері университеттердің студенттердің бос уақытын рационалды ұйымдастыруына, жастардың кітап оқу тәжірибелерін жақсартуға арналған іс-шараларды әзірлеуде, сонымен қатар жастар әлеуметтануы, жастармен әлеуметтік жұмыс сияқты пәндерді оқыту процесінде қолданыла алады.

Түйін сөздер: бос уақыт, бос уақытты өткізу тәжірибелері, кітап оқу тәжірибелері, хобби.

A.K. Bolysbayeva*, A.M. Sultanova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: a.bolysbayeva@mail.ru

Leisure practices of students (in the context of distance learning)

The article examines the practice of spending free time for students of social sciences and humanities, namely students in the specialty of sociology and social work. Particular attention is paid to the impact of the pandemic, and changes in the educational process, namely distance education on the leisure practices of young people.

The purpose of the study is to develop a number of recommendations on the positive influence of youth leisure practices on the development of their personal and professional qualities, to identify the features and structure of students' leisure and reading practice.

The scientific significance of this study is due to the comprehensive consideration of students' leisure time, including reading. A literature review of studies by foreign and domestic scientists on this topic was carried out. The practical significance of this work lies in the fact that it can become the basis for future research in accordance with the problem under study.

The paper presents the results of an online survey conducted among students in grades 1–4 in the specialties of sociology and social work. As a result of the study, the structure of youth leisure practices and the main factors influencing them were identified. In addition, the current state of the students' reading practice was determined.

The research results can be used by universities in the development of activities for the rational organization of students' leisure, to improve the reading practice of students, as well as in teaching such disciplines as youth sociology, social work with youth.

Key words: free time, leisure practices, practice of reading books, hobbies.

А.К. Болысбаева*, А.М. Султанова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

* e-mail: a.bolysbayeva@mail.ru

Досуговые практики студентов (в контексте дистанционного обучения)

В статье рассматриваются практики проведения свободного времени студентов социально-гуманитарных наук, а именно обучающихся по специальностям «Социология» и «Социальная работа». Особое внимание уделяется влиянию пандемии на изменения в учебном процессе, а именно дистанционного образования на досуговые практики молодых людей.

Цель исследования – разработать ряд рекомендаций по положительному влиянию досуговых практик молодежи на развитие их личностных и профессиональных качеств, выявить особенности и структуру досуга и практики чтения студентов.

Научная значимость данного исследования обусловлена всесторонним учетом досуга студентов, в том числе чтения. Был проведен литературный обзор исследований зарубежных и отечественных ученых по данной теме. Практическая значимость данной работы заключается в том, что она может стать основой для будущих исследований в соответствии с изучаемой проблемой.

В работе представлены результаты онлайн-опроса, проведенного среди учащихся 1–4 классов по специальностям социология и социальная работа. В результате исследования была выявлена структура досуговых практик молодежи и основные факторы, влияющие на них. Кроме того, было определено текущее состояние практики чтения студентов.

Результаты исследования могут быть использованы вузами при разработке мероприятий по рациональной организации досуга студентов, по улучшению практик чтения у студентов, а также при преподавании таких дисциплин, как молодежная социология, социальная работа с молодежью.

Ключевые слова: свободное время, досуговые практики, практики чтения книг, хобби.

Кіріспе

Жоғары оқу орындарының студенттері өз кәсібінің нағыз шеберіне айналып, қоғамды дамытуға үлес қосқаны ерекше маңызды. Сондықтан жас ұрпақтың тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктерін дамыту өзекті болып табылады. Бұл тұста жастардың білім алу процесін зерттеумен қатар, олардың бос уақытын өткізу тәжірибелерінің құрылымын зерттеу маңызды. Өйткені жас ұрпақтың білімді, дүниетанымы кең, құзыреттілігі жоғары болуына оқу процесінде алатын білімі мен тәрбиесімен бірге, бос уақытын қалай өткізетіні де қатты ықпал етеді.

Жастардың бос уақытын өткізу тәжірибесін зерттеу күрделі болып табылады. Бұл қоғамда болып жатқан өзгерістер, жаңашылдықтар студенттердің оқу процесінен бөлек уақытын өткізуіне әсер ететінімен де байланысты. Қазіргі таңдағы пандемия, қашықтықтан оқыту осының бәрі жастардың бос уақытын ұйымдастыру тәжірибелеріне өзгерістер әкелді. Бұл ең алдымен, студенттердің бос уақытының көп бөлігін үйде өткізуімен түсіндіріледі.

Студенттердің оқу процесімен қатар, бос уақытында да болашақ мамандығына қажетті, қоғамды дамытуға үлес қосатындай білімдер,

дағдылар мен икемділіктер жинақтауы ерекше маңызды болып табылады. Сол себепті жас ұрпақты бос уақытын тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктерінің дамыта отырып, дұрыс, тиімді әрі рационалды өткізуге тәрбиелеу қажет. Студенттердің бос уақытын ұйымдастыру тәжірибелеріне индивидуалды, әлеуметтік орта, уақыт, материалдық сияқты көптеген факторлар әсер етеді. Жастардың бос уақытын дұрыс, тиімді пайдалануына индивидуалды фактормен қатар, әлеуметтік орта факторының ықпал етеді. Сондықтан да жас ұрпақтың бос уақытын рационалды пайдалану үшін жастардың өздері де, жанұясы да, университеттік ортасы – оқытушылар мен бір топта оқитын студенттер, достары үлес қосуы қажет. Қоғам дамуымен бірге жастардың бос уақытын ұйымдастыру тәжірибелеріне де ықпалын тигізеді. Студенттердің бос уақытын өткізу тәжірибелеріне білімнің, ғылымның дамуы да қатты әсер етеді. Яғни қазіргі уақыттағы оқу процесіндегі өзгерістерді ескере отырып, студенттердің бос уақытының құрылымын, әсер ететін факторларын анықтау – жастардың бос уақытын өткізу тәжірибелерін тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктерді дамытуға тиімді етіп ұйымдастыру тәсілдерін іздестіруге көмектеседі.

Әдебиеттерге шолу

Бос уақыт өткізу тәжірибелері – бұл жас тұлғаның әлеуметтену процесі үшін ерекше маңызды. Бос уақытты өткізу тәжірибелері өндірістік, еңбек, отбасы, әлеуметтену, білім беру сияқты өмірдің барлық салаларына дерлік ықпал етеді (Суровенкова, 2013:67). Жас ұрпақтың бос уақытын өткізудегі физикалық белсенділігі мен академиялық үлгерімі арасындағы байланысты зерттейтін еңбектер маңызды (Aaltonen, 2016). Бірқатар ғылыми жұмыстарда бос уақытты ұйымдастыру тәжірибелері, мотивация және оқу үлгерімі арасындағы өзара байланыс қарастырылады (Bergin, 1992:225). Сонымен бірге, бос уақытты жағымды өткізу мен денсаулық, әл-ауқат арасындағы байланыс туралы зерттеулер де бар (Pressman, 2009). Бұл ғылыми еңбектердің барлығы бос уақытты өткізу сипатының білім беру, денсаулық сақтау сияқты көптеген салаларда маңыздылығының бар екенін көрсетеді. Бірқатар зерттеушілер жас ұрпақтың бос уақытында әлеуметтенуі мен білім алуына ықпал ететін факторларды қарастырады (Navziu, 2017:23).

Студенттердің бос уақытын өткізу тәжірибелері зерттеуші отандық авторлардың еңбектерінде жастардың оқу процесінен бөлек уақытындағы қызмет түрлері қарастырылған. Осындай ғылыми зерттеулердің бірінде бос уақытты өткізу тәжірибелерінде әлеуметтік аспект болатыны оның тек қана жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандырумен ғана емес, қоғаммен де байланысты екендігімен түсіндіріледі. Бос уақытында студенттер тек қана шығармашыл бастамашылдығын ынталандырумен қатар, бос уақытты рационалды пайдалануды қамтамасыз етуі де маңызды (Мырзабекова, 2016:170).

Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс мамандықтары бойынша білім алушылардың кітап оқу тәжірибелері туралы зерттеулерді қарастыратын болсақ, психология және әлеуметтік жұмыс факультетінің студенттері қатысқан зерттеулер нәтижесі білім алушылардың әлеуметтану/жалпы әлеуметтану пәндеріне дайындық кезінде ақпаратты негізінен Интернет контентінен алатынын көрсетеді. Сонымен қатар, Интернет контентімен бірге оқулықтарды, дәріс конспектілерін де қолданатыны анықталды (Селиверстова, 2011:214).

Студенттердің бос уақытын университетте өткізуі туралы да зерттеулер бар. Бұл ғылыми еңбектердің бірінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттерінің арасында университетте бос

уақытының көпшілігін қайда немесе қалай, атап айтқанда, кітапханада, спорт кешені сияқты университеттің құрылымдарында өткізу тәжірибелері туралы сұраулар жүргізілді. Сонымен бірге, университеттің білім алушылардың бос уақытын өткізу тәжірибелеріне ықпалы зерттелінген. Университет тарапынан студенттер үшін олардың бос уақытында өткізетін іс-шаралар кешені туралы қарастырылған (Myrzabekova, 2017:46). Алайда қазіргі кездегі пандемия салдарынан орын алған қашықтықтан оқытуды ескере отырып, бүгінгі күні студенттердің бос уақытын өткізу тәжірибелерінің көрінісін анықтау өзекті болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Студенттердің бос уақытын өткізу тәжірибелері мәселесі көптеген ғылымдармен, пәндермен зерттеледі. Сондықтан да әлеуметтану, психология, педагогика сияқты көптеген ғылымдар саласындағы ғылыми еңбектер қарастырылды. Контент-талдау әдісі арқылы зерттеу мәселесімен сәйкес келетін мақалалар, кітаптар, интернет-ресурстары зерттелінді.

Келесідей зерттеу сұрақтары қарастырылды:

- студенттердің кеңістік факторына байланысты бос уақытын өткізу құрылымын сипаттау;
 - студенттердің бос уақытын өткізу тәжірибелеріне уақыт факторының ықпалын қарастыру;
 - студенттердің бос уақытын өткізу тәжірибелеріне әлеуметтік орта факторының ықпалын анықтап, түсіндіру;
 - студенттердің бос уақытында білім алу, өзін-өзі дамытуға қаншалықты көңіл бөлетінін зерттеу;
 - студенттердің хобби, яғни сүйікті істерінің құрылымын анықтау;
 - студенттердің кітап оқу тәжірибелерін қазіргі таңдағы көрінісін анықтау.
- Зерттеу мәселесіне байланысты бірқатар гипотезалар алға қойылды:
- студенттер бос уақытында өздерінің рухани дамуына, өзін-өзі дамытуға, қосымша білімдер алуға үлкен мән береді;
 - жастар бос уақытының көп мөлшерін жанұясымен, достарымен өткізеді. Сондықтан олардың оқу процесінен тыс уақытының құрылымына әлеуметтік орта факторы, соның ішінде жанұясы мен достарының ықпалы елеулі;
 - студенттердің бос уақытын өткізу тәжірибесіне бірқатар негізгі факторлар әсер етеді. Солардың бірі – уақыт факторы.

Зерттеу мәселесін анықтау үшін контент-талдау және онлайн-сауалнама сияқты әдістер қолданылды. Студенттердің бос уақытын өткізу тәжірибелерінің қазіргі таңдағы көрінісін анықтау үшін сандық әлеуметтанулық зерттеу әдісі (онлайн сауалнама) таңдалынды. Жастардың оқу процесінен бөлек уақытын тұлғалық және кәсіптік дамуы үшін тиімділігін арттыру жолдарын анықтау мақсатында 1-4 курс аралығындағы әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс мамандығының студенттері арасында онлайн сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 130 респондент қатысты. Сұрауға қатысқан білім алушылардың жасы бойынша көрсеткіштер келесідей: 18 жас – 5,4%, 19 жас – 40,8%, 20 жас – 50%, 21 және одан жоғары жас – 3,8%. Көріп тұрғанымыздай, респонденттер құрамында 20 және 19 жастағы студенттер саны басым, бұл ең алдымен, әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс бойынша білім алушы 3-курс студенттерінің санының көп болуымен байланысты. Сауалнамада жартылай жабық сұрақтар басым болды, бұл студенттердің бос уақытын өткізуі, кітап оқу тәжірибелері туралы өз пікірін қоса отырып, сұрауға жауап беруіне мүмкіндік берді. Бұл ең алдымен, студенттердің бос уақытын өткізуі өздерінің жеке талғамдарының, қажеттіліктерінің, қызығушылықтарының индивидуалды болуына байланысты екендігімен түсіндіріледі.

Нәтижелер және талқылау

Студенттердің бос уақытын ұйымдастыру тәжірибелерінің құрылымы олардың оқу процесінен бөлек уақытын үйде немесе сыртта өткізетінімен байланысты. Біздің зерттеуге қатысқан респонденттердің басым көпшілігі оқу процесінен тыс уақытында үйде болатынын мәлімдеді. Бұл ең алдымен, қазіргі таңдағы пандемия салдарымен байланысты. Сондықтан жастар бос уақытын ұйымдастыру тәжірибесін үйде өткізуге ыңғайландырады. Сонымен бірге, студенттерге бос уақытын үйде қалай өткізетіні туралы сұрақ қойылды. Нәтижесінде басым көпшілігі үй істерімен (32,3%) және Интернетте кино қарау, музыка тыңдау, әдебиеттер оқумен (25,4%) бос уақыттарын өткізетінін айтты. Сонымен қатар, респонденттердің тағы бір тобы қосымша білім алу курстарына (16,2%) бос уақытының көбісін арнайтын айтты. Яғни, студенттер оқу процесінде алатын білімімен қатар, қосымша білім алып, өзін-өзі дамытуға көп көңіл бөледі. Бірқатар зерттеушілер бос уақытты

әлеуметтік, мәдени және психологиялық маңыздылығымен ерекшеленетін пассивтік және белсенді демалыс түрлері зерттелінген. Авторлар бос уақытты өткізудегі пассивті демалыс түрлері ретінде музыка тыңдау, кино көру, газет және журналдар оқу деп қарастырады (Иванов, 2009:45). Авторлардың бұл пікіріне сәйкес қарастыратын болсақ, біздің зерттеуімізге қатысқан студенттердің көпшілігі үй жағдайында бос уақытында пассивті демалыс түрлерін көбірек таңдайтын көрінеді.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, жастардың бос уақытын ұйымдастыру тәжірибелері олардың үйде немесе сыртта өткізетінімен тікелей байланысты. Сауалнама нәтижелері студенттердің сыртта бос уақытын негізінен достарымен кездесуге (26,2%), табиғат аясында демалуға (15,4%), мәдени демалысқа, яғни мұражайларға, театрларға, кинотеатрларға баруға (12,3%), сонымен қатар, тамақтану орындарына баруға (12,3%), өзін-өзі дамыту, қосымша білім алу курстарына қатысуға (11,5%) арнайтынын көрсетті. Көріп отырғанымыздай, жастар оқу процесімен қатар, бос уақытында да қосымша білімдер алуға ұмтылады. Жастардың салауатты өмір салтына неғұрлым көп көңіл аударатынын сауалнама нәтижелері бойынша жас ұрпақтың өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, табиғатта серуендеп, таза ауада бос уақыттарын өткізетіні дәлелдейді.

Біздің зерттеудің нәтижесінде анықталған студенттердің бос уақытының құрылымының нәтижелерінде қазіргі таңдағы білім, ғылымның жетістіктерінің және сонымен бірге пандемияның, қашықтықтан оқытудың ықпалы айқын көрінеді. Студенттердің бос уақытын өткізу тәжірибелерін зерттеген авторлар сұрау әдісінің нәтижелеріндегі педагогикалық-психологиялық тұрғыдан келесі аспектілерді ерекше көрсетеді: студенттердің бос уақытын өткізу тәжірибелерінде Интернет маңыздылығы артты; студенттердің біршама тобы пассивті демалыс түрлерін таңдайды және жастардың бос уақытында өз бетімен ізденіске, өз бетімен білім алуға мән береді (Дорофеев, 2016:62-63). Көріп тұрғанымыздай, студенттер бос уақытын үй жағдайында да, сыртта да қосымша білім алуға, өзін-өзі дамытуға арнайтыны анықталды, яғни жұмысымыздың бірінші гипотезасы дәлелденді.

Бірқатар зерттеушілер студенттердің бос уақытын ұйымдастыру тәжірибелеріне әсер ететін факторларды анықтаған, оның ішінде уақыт (38,2%) және материалдық факторлардың (34,8%) ықпалы неғұрлым әсер ететінін көрсеткен

(Кузьменкова 466: 2017). Біздің зерттеудің нәтижелері де, жоғары білім алушылардың оқу процесінен тыс уақытын өткізу тәжірибесіне көбіне-көп уақыт факторының қатты әсер ететінін байқауға болады. Нәтижесінде студенттер өздерінің оқу процесінен бөлек бос уақытының сүйікті істеріне арнайтын уақыты аса көп емес екендігі анықталды. Сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі дерлік (40,8%) сүйікті істеріне күніне 3 сағаттан аз уақыт бөлсе, тағы бір топ студенттер (36,2%) сүйікті істеріне тәулігіне 3-5 сағат арнайтыны анықталды. Бұны ең алдымен, жоғарыда зерттеу нәтижелері көрсеткендей, студенттердің басым көпшілігінің үйде бос уақытын үй істерімен айналысуға арнайтынымен де түсіндіруге болады, яғни олардың оқу процесінен бөлек уақытының көпшілігі күнделікті үй істеріне кетеді. Зерттеу жұмысымыздың екінші гипотезасы, яғни уақыт факторының студенттердің бос уақыт құрылымына ықпалы бар екендігі сауалнама нәтижелерімен дәлелденді.

Жастардың бос уақытын өткізу тәжірибелеріне уақыт, кеңістік факторымен қатар, әлеуметтік орта факторының да ықпалы бар. Студенттердің оқу процесіне бейімделуіне әлеуметтік ортасы әсер ететіні сияқты, олардың бос уақытын қалай өткізетініне жанындағы адамдар ықпал ететіні анықталды. Жас ұрпақтың бос уақытын өткізуіне ықпал ететін әлеуметтік және білім беру факторларын қарастыратын зерттеулерде отбасы факторының маңыздылығы көрсетіледі (Navziu, 2017:23). Отбасымен бірге бос уақытты өткізу жанұялық қарым-қатынастарын нығайтуға мүмкіндік береді (Agate, 2001:206). Біздің зерттеуіміздің нәтижелері де әлеуметтік ғылым саласы бойынша жоғары оқу орындарының білім алушыларына жанұясы мен достарының оқу процесінен тыс уақытын өткізуіне аса қатты ықпал ететінін көрсетті. Айта кетерлік жайт, жастардың отбасы мен достарының олардың бос уақытын өткізуіне ықпалы шамамен бірдей болып анықталды. Атап айтқанда, отбасы әсері – 36,9% болса, достар ықпалы – 36,2% екені анықталды. Бұл нәтижелер, біздің зерттеу жұмысымыздың үшінші гипотезасын, яғни жастардың бос уақытын өткізу тәжірибелеріне әлеуметтік орта, соның ішінде отбасы мен достарының ықпалы зор екендігі дәлелденді. Бұл студенттердің отбасымен және достарымен көп уақытын бірге өткізуіне байланысты десе де болады. Жанұясымен бірге тұратын студенттер үйде болғанда басқа отбасы мүшелерімен бос уақытын қалай өткізетінін


ақылдасып, бірге шешім қабылдауы да мүмкін. Үлкен буын үлгі көрсетіп, ақыл-кеңес айтып отырады, нәтижесінде бұл олардың оқу процесінен бөлек уақытын ұйымдастыруына әсер етеді. Жалпы алғанда, жанұя мен достарының студенттер үшін рөлі өте зор.

Бос уақытты өткізу тәжірибелеріне хоббидің де әсері өте үлкен екені анық. Жалпы алғанда, хобби – адамның негізінен бос уақытында айналысатын қызметі ретінде түсіндіріледі. Рационалды, дұрыс таңдалған хобби түрлері адамның көңіл-күйін жақсартуға, рухани және физикалық демалуына, дүниетанымын кеңейтуге, өзін-өзі дамытуға, білімдері мен дағдыларын арттыруға мүмкіндік береді. Жастар бос уақытында өздерінің сүйікті істерімен айналысуға мән береді. Оқу процесінен бөлек бос уақытын толығымен сүйікті істеріне арнай алмайтынын, біздің зерттеу нәтижелері көрсетті. Қазіргі кезде хобби түрлері сан алуан, өте көп. Кітап оқу, газет және журналдар оқу, ән тыңдау, ән айту, би билеу, фотосурет, көркемөнер, спорт сияқты хобби түрлері баршылық. Студенттердің хобби түрлерін анықтау жастардың бос уақытының құрылымын анықтау үшін ерекше маңызды. Респонденттерге бірнеше хобби нұсқаларының ішінен өздерінің сүйікті істерін таңдау, сонымен бірге тізімде көрсетілмей қалса өздері жазу ұсынылды. Зерттеу нәтижесі сұрауға қатысқан студенттердің ең көп, жиі таңдаған бес жауап нұсқасын анықтауға мүмкіндік берді. Жауаптардың ішінде, ең көп таңдалғаны – ән тыңдау (50%) екені анықталды. Яғни сұрауға қатысқан студенттер санының тең жартысы бос уақытында хобби ретінде ән тыңдауды қалайтындарын айтты. Одан кейін достарымен кездесу (45,4%), өзін-өзі дамыту курстарына қатысу (36,9%), тілдер үйрену (33%), теледидар, кинофильмдер қарау (32,3%), кітап оқу (30,8%), спортпен шұғылдану (28,5%) сияқты жауаптар нұсқалары студенттердің жиі айналысатын хобби түрлері ретінде көрсетілді (1-сурет).

Студенттердің таңдаған хобби түрлерінің көрсеткіштеріне негізделі отырып, студенттердің бос уақытының құрылымын анықтау үшін жастардың кітап оқу тәжірибелерін тереңірек зерттеу қажеттігі туындайды. Өйткені хобби бұл – негізінен алғанда, бос уақытта шұғылданатын сүйікті істері деуге болады. Жастар бос уақытын үйде немесе сыртта өткізсе де, өздерінің білімдерін, құзыреттіліктерін одан әрі дамытуға мән беретіні анық. Бұл үшін студенттер бос уақытында әдебиеттер оқып, қосымша

курстарға қатысады. Жас ұрпақ оқу процесінде де, одан тыс уақытында да әдебиеттер оқып білімдерін жетілдіреді. Сол себепті де студенттердің бос уақытын ұйымдастыру тәжірибелерін қарастыруда олардың кітап оқу тәжірибелерін зерттеудің өзектілігі бар. Бүгінгі күні жас ұрпақтың өз бетімен ізденісінің, өзіндік жұмысының сапасын арттыру үшін олардың кітаптарды оқу тәжірибелерін зерттеу қажет. Бұл тұста ең алдымен, жастардың кітаптарды

неліктен оқитынын анықтау маңызды. Біздің зерттеудің нәтижелері көрсеткендей, жоғары оқу орындарында әлеуметтік ғылымдар (әлеуметтану, әлеуметтік жұмыс мамандықтары) бойынша білім алушылардың көпшілігі кітаптарды өзін-өзі дамыту, қосымша білім алуы үшін (76,9%) оқитыны анықталды. Сонымен қатар, оқу процесімен байланысты және хобби, яғни сүйікті істерінің бірі кітап оқу болғандықтан кітаптарды оқитынын айтты.



1-сурет – Студенттердің хобби түрлері

Сонымен бірге қазіргі кезде жастардың қаншалықты жиі кітап оқитынын анықтау да маңызды. Сондықтан респонденттерге осы ағымдағы жыл басталғалы, яғни екі айдан астам уақыт ішінде қанша кітап оқығаны туралы сұрақ қойылды. Зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, жастардың көпшілігі айына шамамен бір-екі кітаптан толық оқып шыққаны туралы мәлімдеді. Студенттердің кітаптарды оқу бойынша көрсеткіштерін жоғарылату үшін жастардың кітаптарды оқуға деген қызығушылығын арттыру мәселесінің өзектілігі арта түседі.

Жастар бос уақытын ұйымдастыру тәжірибелері олардың білімін, жан-жақтылығын, дүниетанымын, тұлғалық және кәсіптік құзыреттілігін арттыру үшін кітаптар оқу маңызды. Студенттердің өздерінің жеке кітапханасында

бар кітаптардың саны туралы сұрақтарға жауаптары жас ұрпақтың кітаптарға деген қызығушылығының бар екенін көрсетеді. Яғни сауалнамаға қатысқан студенттердің көпшілігінде (32,3%) жеке кітапханасында оннан артық кітаптар, ал жастардың тағы бір тобында (20,8%) 6-10 кітап саны бар екені анықталды. Сонымен бірге, жастардың жеке кітапханасында қандай жанрдағы кітаптардың басым екендігі анықталды. Студенттердің көпшілігі (33,1%) жеке кітапханасында ғылыми танымал әдебиеттер, психология саласындағы, өзін-өзі дамыту бойынша әдебиеттер бар деп мәлімдеді. Көркем әдебиет жанрындағы кітаптар да студенттердің (24,6%) жеке кітапханаларында көптеп кездесетінін сауалнама нәтижелері көрсетіп отыр. Зерттеу нәтижелері студенттердің хобби

түрлерінің кітап оқу тәжірибелеріне әсері бар екенін көрсетеді. Өйткені жастардың жеке кітапханасында хобби түрлеріне байланысты кітаптар (12,3%) да жиі кездеседі. Сонымен бірге, студенттер өздерінің жеке кітапханаларында оқу әдебиеттері (7,7%) бар екенін мәлімдеді.

Жастардың көбінесе қандай жанрдағы әдебиеттерді оқитыны олардың жеке кітапханасындағы кітаптармен тікелей байланысты. Өйткені респонденттердің басым көпшілігі ғылыми танымал жанрдағы әдебиеттерді (47,7%), ал студенттердің тағы бір тобы көркем әдебиет жанрындағы кітаптарды (26,2%) оқитыны анықталды.

Жастардың оқитын кітаптарын таңдауына әсер ететін факторларды анықтау, жас ұрпақтың кітап оқу тәжірибелерін зерттеу үшін аса маңызды. Студенттердің оқитын кітаптарын таңдауда қандай критерийлерге сүйенетіні туралы сұралды. Нәтижесінде респонденттердің көпшілігі (64,6%) индивидуалды факторға байланысты, яғни студенттер кітаптарды өздерінің қалауы бойынша, ешқандай ұсынысыз таңдайтыны анықталды. Алайда, индивидуалды фактормен қатар әлеуметтік орта факторының да ықпалы бар екені анықталды. Соның ішінде, әсіресе, студенттердің бірқатары (13,1%) кітап таңдауда достарының пікіріне мән беретінін мәлімдеді. Сонымен қатар, зерттеуіміздің нәтижесі көрсеткендей, жастардың көпшілігі бос уақытында Интернетте уақытын өткізетіні олардың кітап таңдауына да әсер ететіні байқалады. Өйткені сауалнамаға қатысқан жастардың бір тобы (10%) кітаптар туралы Интернеттегі пікірлерді оқи отырып, кітаптарды таңдайтыны жөнінде айтты. Жас ұрпақтың әлеуметтік ортасының негізгілерінің бірі – отбасының да жастардың кітап оқу тәжірибесіне ықпалының бар екені анық. Бірқатар зерттеушілер ата-аналардың өздерінің балаларының кітап оқуына ерте уақыттан бастап және үздіксіз ықпал етуі маңыздылығын көрсетеді (Johari, 2013:17). Көптеген ғылыми еңбектерде ата-аналардың жастардың әдебиеттер оқу дағдыларын ерте кезден бастап дамытуы туралы ұсыныстар келтіріледі (Verma, 2016:84). Әдебиеттерді оқу дағдыларын дамытатын келесідей жалпы әдістер көрсетіледі: ата-ана қолдауы, оқытушылардың ынталандыруы, кітаптарды, газеттерді оқу, кітапханаларға бару және тағы басқалары (Palani, 2012:94).

Көріп отырғанымыздай, жастардың кітап оқу тәжірибесіне әлеуметтік орта факторының ықпалы елеулі. Сондықтан жастардан оқыған

кітаптары бойынша пікірлерді кіммен талқылайтынын анықтау маңыздылығы артты. Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс мамандығы бойынша білім алушы жастардың көпшілігі (56,2%) оқыған кітаптары туралы пікірлерімен достарымен бөлісетіні анықталды. Сонымен қатар, жастардың тағы бір тобы (15,4%) жанұясымен оқыған кітаптарын талқылайтынын мәлімдеді. Сол сияқты, студенттер (13,8%) Интернетте де оқыған кітаптары туралы пікір бөлісетінін айтты. Достар тек қана біртөп оқитын студенттерден ғана құралмайтын болғандықтан, бір оқу тобындағы білім алушылар деген жауап нұсқасы да бөлек қарастырылды. Нәтижесінде сауалнамаға қатысқан жастардың 6,9%-ы оқыған кітаптары туралы ойларын өздерімен бірге оқитын студенттермен бөлісетінін жеткізді. Бұл нәтижелерді студенттердің бос уақытын өткізу тәжірибесімен түсіндіруге болады. Өйткені жастардың көбісі дерлік бос уақытын жанұясымен және достарымен өткізеді. Студенттер бос уақытында Интернетті, әлеуметтік желілерді көптеп қолданады және де оқыған кітаптары туралы пікір жазып, басқа кітап оқушылардың ойын оқып, пікір бөліседі. Біздің сұраудың нәтижелері сияқты, бірқатар ғылыми жұмыстардың мазмұнына талдау жасай отырып, бұл жұмыстардың нәтижелерінде де жастардың көпшілігі оқыған кітаптары туралы достарымен, тағы бір тобы жанұясымен, бір топта оқитын студенттерімен пікір бөлісетіні анықталды.

Айтып өткеніміздей, қазіргі кезде пандемия салдарынан әлеуметтік ғылымдар бойынша оқитын студенттердің көпшілігі қашықтықтан оқыту арқылы білім алуда. Бұл студенттердің оқу процесінен бөлек уақытын да үйде өткізуіне ықпалын тигізеді. Сондықтан жастардың кітапханаларға бару жиілігінде өзгерістер орын алды. Сауалнамаға қатысқан студенттер кітапханаларға бару көрсеткіштерінің бұрынғыдан гөрі азайғанын айтты. Алайда, осымен бірге, жастар онлайн кітапхана қызметін қолданытынын мәлімдеді. Бұл жағдайда онлайн кітапханалардың маңызы елеулі екені анық. Бірқатар зерттеулерде білім алушылардың университеттердегі кітаптарды қолдану үшін электрондық кітапханалардың маңызы қарастырылады (Селиверстова, 2011:217).

Студенттердің, болашақ жас мамандардың бос уақытын өткізу тәжірибелеріне жұмыс берушілерде көңіл бөлетіні бірқатар зерттеулерде анықталған. Осылайша, жастардың бос уақытын өткізу тәжірибелерін зерттеуші авторлар жұмыс

берушілердің қатысуымен де сұрау жүргізіп, нәтижесінде көптеген ақыл-кеңестер, ұсыныстар әзірленді. Ең алдымен, сұрауға қатысқан жұмыс берушілер студенттердің кәсіптік міндетін атқару барысында тұлғалық және кәсіптік белсенділігін, өз бетімен жұмыс жасау қабілетін, шығармашылығын, кәсібінде өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру қабілеттерін дамытуға негізделген әдістемелеріне жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие процесінде ерекше көңіл бөлініп, ескерілуі қажеттігі туралы ұсыныстар келтірді (Коныгина, 2017:196). Осыған байланысты, білім алушы жастардың болашақ кәсібіне қажетті білімдер мен дағдыларды, икемділіктерді игеруге мүмкіндік беретіндей етіп, бос уақытын рационалды, дұрыс өткізуі қажет.

Қорытынды

Студенттердің бос уақытын өткізу тәжірибелері олардың әлеуметтену процесіне де ықпал етеді. Бос уақытында жастардың дамытушылық, шығармашылық қызметтері жүзеге асырылады. Жастар бос уақытында қосымша білімдер алып, тұлғалық, кәсіптік және шығармашылық қасиеттерін дамытады. Жастар күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруға, уақытын рационалды өткізуге жауапкершілікпен қарайды. Сол себепті жас ұрпақтың бос уақытын дұрыс ұйымдастыруын зерттеу болашақ жас мамандардың кәсібилігін арттыруға көмек берері сөзсіз.

Жастардың бос уақытын өткізу тәжірибелері олардың рухани дамуымен қатар, физикалық дамуына да әсер етеді. Студенттер сабақтан тыс уақытында белсенді уақыт өткізу нысандарына да көңіл бөледі. Соның ішінде, спортпен шұғылданып, табиғатқа шығып демалып өздерінің физикалық денсаулығын арттырады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай отырып, студенттердің бос уақытын өткізу тәжірибелерінің олардың өздерінің тұлғалық және кәсіптік дамуына жағымды ықпал етуі үшін бірқатар ұсыныстар жасауға болады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жастардың бос уақытын өткізу барысына өздерінің жеке талғамдары, қажеттіліктері, қызығушылықтары, яғни өздерінің тұлғалық факторларымен қатар, әлеуметтік орта факторының да ықпал ететіні анықталды. Сондықтан студенттер бос уақытын өздерінің тұлғалық дамуына тиімді етіп өткізуі үшін отбасы мүшелері, достары, университеттік ортасы – бір топта оқитын студенттер, оқытушылар үлгі көрсетіп, ақыл-кеңестерімен, пікірлерімен бөлісуі қажет.

Сауалнамаға қатысқан студенттердің жауабынан олардың бос уақытында сүйікті істеріне аса көп уақыт бөле бермейтіні анықталды. Бұл ең алдымен, күн тәртібін дұрыс ұйымдастыра алмаумен байланысты деуге болады. Сондықтан жастар өздерінің күн тәртібін дұрыс, оңтайлы етіп ұйымдастыруына мән беруі қажет. Күн тәртібін тиімді өткізу үшін тайм-менеджменттің маңызы өте зор.

Жастардың жеке факторға, яғни олардың өздерінің талғамына, қызығушылықтарына сәйкес кітаптарды таңдайды. Алайда сонымен бірге, жастардың кітап таңдау тәжірибелеріне әлеуметтік орта факторы, соның ішінде, достарының пікірі ықпал етеді. Сонымен бірге жастар оқыған кітаптары туралы пікірлерімен достарымен және отбасы мүшелерімен бөлісетіні анықталды. Көріп отырғанымыздай, жас ұрпақтың кітап оқу тәжірибесінде әлеуметтік орта факторының, яғни жанындағы отбасының, достарының, оқытушылар мен өзімен бірге оқитын студенттердің маңызы өте зор. Сол себепті де, жастардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, оның ішінде олардың тұлғалық және кәсіптік дамуына оң әсері бар әдебиеттерге көңіл бөлуі үшін студенттердің ата-аналары, туысқандары, достары, университеттік ортасы үлкен жауапкершілікпен қарап, ақыл-кеңес беруі қажет. Оқытушылар өздерінің оқытатын пәндері бойынша студенттер бос уақытында қосымша білім алатындай ғылыми әдебиеттерді келтіріп, жас ұрпақтың өзінің пәніне, сонымен бірге ғылыми кітаптар оқуға қызығушылықтарын арттыра алады.

Қазіргі таңда орын алған пандемияға орай, жастар көп уақытын үйде өткізеді. Сондықтан жас ұрпақтың үй жағдайында бос уақытының құрылымын олардың жағымды тұлғалық және кәсіптік қасиеттерін дамытуға тиімді етіп келтіруі ерекше маңызды. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, жас ұрпақтың бос уақытының құрылымына жанұясы мен достарының ықпалы елеулі. Сонымен бірге, студенттердің кураторлары, эдвайзерлері жастардың үй жағдайында да өздерінің болашақ мамандықтарына қызығушылығын арттыратын, болашақ кәсібі туралы білімдерін дамытатын әдебиеттерді, оқу курстарын ұсынып, білім алушылардың бос уақытын неғұрлым тиімді өткізуіне қол жеткізуіне барынша көмек бергені жөн.

Біздің зерттеу жұмысымызда және басқа да көптеген еңбектерде көрсетіліп өткендей, жастардың болашақ кәсібіне қажетті тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктері оқу процесімен

қатар, бос уақытында да қалыптасады. Сондықтан жас ұрпақтың бос уақытын өткізу тәжірибелеріне ерекше назар аударып, жастардың оқу процесімен қатар, бос уақытын өткізу тәжіри-

белерін де зерттеу қажет. Біздің жүргізген зерттеу нәтижелерін толықтыру мақсатында болашақта оқытушылар мен ата-аналармен де сауалнама, сұхбат сияқты әдістерін жүргізуге болады.

Әдебиеттер

Дорофеев А.А. Досуг как элемент повседневной культуры студентов // Педагогическое мастерство: материалы IX Международной научной конференции. – Москва, 2016. — С. 61-64.

Иванов В. М., Денщикова Т. Ю. Досуг современных студентов как сфера социализации личности // Наука. Инновации. Технологии. – 2009. – №6. – С.43-46.

Коныгина М.Н., Гузь Е.А. Культурно-досуговая деятельность в вузе как фактор профессионального становления студентов // Вестник Северо-Кавказского федерального университета. – 2017. – № 3 (60). – С.195-200.

Кузьменкова С.П., Сухова Е.Е. Структура досуга студенческой молодежи (по результатам опроса учащихся смоленских вузов) // Бюллетень науки и практики. – 2017. – №11 (24). – С.432-468.

Мырзабекова А.А. Особенности досуговых практик современной студенческой молодежи // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. – 2016 – №3 (58). – С.168-174.

Селиверстова Н. А. Социальные практики чтения контента Интернета в студенческой среде // Знание. Понимание. Умение. – 2011. – № 1. – С. 213–217.

Суровенкова М. А. Досуговая деятельность современной студенческой молодежи // Вестник ассоциации вузов туризма и сервиса. – 2013. – №1. – С.67-71.

Agate J. R., Zabriskie R. B., Agate S. T., Poff R. Family leisure satisfaction and satisfaction with family life // Journal of Leisure Research. – 2009. – 41(2). – P. 205–223.

Aiza Johari Amelia Alfred Tom, Affidah Morni, Siti Huzaimah Sahari Students' reading practices and environments // Indonesian Journal of Applied Linguistics. – 2013. – Vol. 3. – №1. – P. 17-28.

Bergin D.A. Leisure Activity, Motivation, and Academic Achievement in High School Students // Journal of Leisure Research, 1992. – Vol. 24. – № 3. – P.225-39.

Havziu B., Mehmedi L., Ameti M. The Influence of Socio-Educational Factors in the Selection of Contents for Fulfilling Free Time of High School Students // European Journal of Social Sciences Education and Research. – 2017. – Vol. 4. – Issue 2. – P. 22-27.

Myrzabekova A.A. The role of university in organizing the students leisure // The Journal of Psychology & Sociology. – 2017. – №3 (62). – P.43-50.

Palani K. K. Promising Reading Habits and Creating Literate Social // International Reference Research Journal. – 2012. – Vol. III. – Issue 2(1). – P.90-94.

Pressman S. D., Matthews K. A., Cohen S., Martire L. M., Scheier M., Baum A., Schulz R. Association of enjoyable leisure activities with psychological and physical well-being // Psychosomatic medicine. – 2009. – 71(7). – P. 725-732.

Sari Aaltonen, Antti Latvala, Richard J. Rose, Urho M. Kujala, Jaakko Kaprio & Karri Silventoinen. Leisure-Time Physical Activity and Academic Performance: Cross-Lagged Associations from Adolescence to Young Adulthood // Scientific Reports. – 2016. – Vol. 6.

Verma A. A Study of Academic Achievement among High School Students in Relation to their Study Habits // International Journal of Research in Humanities, Arts and Literature. – 2016. – Vol. 4. – Issue 3. – P.75- 88.

References

Agate J. R., Zabriskie R. B., Agate S. T. & Poff R. (2009) Family leisure satisfaction and satisfaction with family life. *Journal of Leisure Research*, 41(2), pp.205–223.

Aiza Johari, Amelia Alfred Tom, Affidah Morni, Siti Huzaimah Sahari (2013) Students' reading practices and environments. *Indonesian Journal of Applied Linguistics*, Vol. 3, No 1, pp. 17-28.

Bergin D.A. (1992) Leisure Activity, Motivation, and Academic Achievement in High School Students. *Journal of Leisure Research*, Vol.24, No 3, pp. 225-39.

Havziu B., Mehmedi L., Ameti M. (2017) The Influence of Socio-Educational Factors in the Selection of Contents for Fulfilling Free Time of High School Students. *European Journal of Social Sciences Education and Research*, Volume 4, Issue 2, pp.22-27.

Dorofeyev A.A. (2016) Dosug kak element povsednevnoy kul'tury studentov [Leisure as an element of students' everyday culture]. *Pedagogical skills: materials of the IX International Scientific Conference*. M., pp. 61-64.

Ivanov V. M., Denshchikova T. Yu. (2009) Dosug sovremennykh studentov kak sfera sotsializatsii lichnosti [Leisure of modern students as a sphere of personality socialization]. *Science. Innovations. Technologies*, No 6, pp.43-46.

Konygina M.N., Guzye A. (2017) Kul'turno-dosugovaya deyatel'nost' v vuze kak faktor professional'nogo stanovleniya studentov [Cultural and leisure activities in the university as a factor in the professional development of students]. *Bulletin of the North Caucasus Federal University*, Vol. 60, No 3, pp.195-200.

Kuzmenkova S., Sukhova E. (2017) Struktura dosuga studencheskoy molodezhi (po rezul'tamam oprosa uchashchikhsya smolenskikh vuzov) [The structure of leisure of student youth (according to the results of a survey of students of Smolensk universities)]. *Bulletin of Science and Practice*, (11), pp.432-468.

Myrzabekova A.A. (2016) Osobennosti dosugovykh praktik sovremennoy studencheskoy molodezhi [Features of leisure practices of modern student youth]. *The Journal of Psychology & Sociology*, Vol. 58, No 3, pp.168-174.

Myrzabekova A.A. (2017) The role of university in organizing the students leisure. *The Journal of Psychology & Sociology*, Vol. 62, No 3, pp.43-50.

Palani K. K. (2012) Promising Reading Habits and Creating Literate Social. *International Reference Research Journal*, Vol. III, Issue 2(1), pp. 90-94.

Pressman S. D., Matthews K. A., Cohen S., Martire L. M., Scheier M., Baum A. & Schulz R. (2009) Association of enjoyable leisure activities with psychological and physical well-being. *Psychosomatic medicine*, 71(7), pp. 725-732.

Sari Aaltonen, Antti Latvala, Richard J. Rose, Urho M. Kujala, Jaakko Kaprio & Karri Silventoinen (2016) Leisure-Time Physical Activity and Academic Performance: Cross-Lagged Associations from Adolescence to Young Adulthood. *Scientific Reports*, Vol. 6.

Seliverstova N. A. (2011) Sotsial'nyye praktiki chteniya kontenta Interneta v studencheskoy srede [Social practices of reading Internet content in the student environment]. *Knowledge. Understanding. Skill*, No 1, pp. 213-217.

Surovenkova M. A. (2013) Dosugovaya deyatel'nost' sovremennoy studencheskoy molodezhi [Leisure activities of modern student youth]. *Universities for tourism and service association bulletin*, No 1, pp. 67-71.

Verma A. (2016) A Study of Academic Achievement among High School Students in Relation to their Study Habits. *International Journal of Research in Humanities, Arts and Literature*, Vol. 4, Issue 3, pp.75- 88.